



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 3 қазан

### Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарына қаржылық жоспарлау, үнемдеу және инвестициялау қыр-сырлары туралы айтып берді

Кәсіби бизнес-жаттықтырушылар, коучтар, қаржы саласындағы сарапшылар, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің, БЖЗҚ-ның, ҚДКҚ-ның және басқа да қаржы ұйымдарының өкілдері қаржылық сауаттылық бойынша дәріске қатысушылармен қаржылық біліммен және лайфхактармен бөлісті.

Нұр-Сұлтан қаласында 2 қазанда «Қаржылық сауаттылық: заманауи қоғамдағы рөлі» циклын аяқтайтын дәріс болып өтті. Қазақстан Ұлттық Банкі қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша тегін дәрістердің осы циклын ел өңірлерінде екінші жыл өткізіп отыр. Іс-шараларға барлық тілек білдірушілер қатыса алды.



Нұр-Сұлтан қ. өткен дәрістер мен семинарлар барысында спикерлер интерактивтік нысанда қаржылық сауаттылықтың мынадай негізгі аспектілері туралы айтып берді: бюджеттеу, кірістер мен шығыстарды талдау, қаржы өнімдерінің түрлері және оларды дұрыс қолдану, қаржы құралдарын тарту мүмкіндіктері, жинақтау және инвестициялау тәсілдері және басқалары.

Спикерлердің арасында Қазақстан Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) өкілдері, кәсіби сертификатталған коучтар Гүлназ Мұрзатаева және Арман Бартаев, БЖЗҚ өкілдері, оның ішінде Қордың Нұр-Сұлтан қ. Басқарушы директоры Мұрат Шәріпов, ҚДКҚ әдіснама және талдау басқармасының бас сарапшысы Рузалия Гильмудинова, «Халықаралық бизнес университетінің» журналистика кафедрасының доценті Мира Халина болды.

ҚРҰБ қаржылық сауаттылықты арттыру басқармасының бастығы Сәуле Ынтықбаева өзінің сөйлеген сөзінде дәріске қатысып отырған әрбір тыңдаушы үшін өзінің қаржысын басқару бойынша білім мен дағдының маңыздылығын атап өтті. «Өзіңнің ақшаңды сақтап қою ғана емес, оны көбейту, өзін және өз отбасын көзделмеген қаржылық жағдайлардан сақтандыру маңызды. Қаржы тұрғысынан білімді болу қаржылық тәуелсіздікті және табысты болуды білдіреді. Және де осыны ұғыну, өзінің қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру – бұл осы бағыттағы үлкен қадам, психологиялық аспект – ол өте маңызды».

Ол сондай-ақ қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі іске асырып жатқан жобалар туралы айтып берді. «Осы жұмыс шеңберінде, Қазақстанның барлық өңірінде тегін дәрістер жүргізумен қатар, біз балалар мен жастар басылымдарына қосымшалар, халықтың ауқымды тобы үшін телебағдарламалар, анимациялық үйрету роликтерін шығарамыз, [www.fingramota.kz](http://www.fingramota.kz) сайты және «NBK Online» қосымшасын дамытамыз. Біз үнемі онлайндамыз және кез келген сұраққа жауап беруге дайынбыз!».

Ұлттық Банк өкілдері қаржылық алаяқтықтың түрлі тәсілдері туралы айтып берді, практикалық ұсынымдар беріп, аудиторияның сұрақтарына жауап берді.

Бизнес-жаттықтырушы Гүлнәз Мұрзатаева тыңдаушыларды дұрыс қаржылық әдеттер қалыптастыру технологиясына үйретті. «Бүгінгі таңда қаржылық жоспарлау аса маңызды. Ол әрбір адамға өзінің қаржылық мүмкіндіктерін дұрыс бағалап, болашақта үлкен кіріс алу үшін ресурстарды бөлуге мүмкіндік береді», - деп атап өтті ол.

«Өз бюджетін басқара білу – қазіргі заманның кез келген адамының басты дағдысына айналуға тиіс. Сондықтан, өздеріңіздің ақша ағындарыңызды бақылап, үнемі талдау жүргізіп отыру, бюджетіңізді талдап, салыстырып отыру және оның шегінен шықпау өте маңызды», - деп Мира Халина бюджет жоспарлаудың қыр-сырымен бөлісті.

БЖЗҚ-ның өкілдері «Жинау және сақтау үшін мүмкіндіктер» сессиясы шеңберінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс істеу қағидаттары, азаматтардың зейнетақы құқықтарын құру және іске асыру, зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігі және зейнетақы саласындағы жаңа үрдістер туралы айтты. «Қазіргі сәтте Қор электрондық қызмет көрсетуге ден қоюда. Пошта арқылы хабарлама жіберу секілді классикалық тәсілдер әлдеқашан тиімсіз. Қазір кез келген салымшы бір рет интернет-хабарламаны таңдап, өзінің зейнетақы жинақтары туралы барлық деректерді онлайн режимінде ала алады» деді М. Шәріпов.

Рузалия Гильмудинова, ҚДКҚ өкілі, өз кезегінде жинақтау тәсілдері, сондай-ақ қолайлы депозитті қалай таңдап алуға болатыны туралы айтты. Ол кепілдік беру жүйесі, Қазақстан банктері депозиттерінің қаншалықты сенімді екендігі және банкті қандай өлшемшарттар бойынша таңдау қажеттігі туралы тыңдаушылардың сұрақтарына жауап берді.

Дәріске қатысушылардың барлығы да қаржылық сауаттылық тақырыбына үлкен қызығушылық танытты, белсенді түрде сұрақтар қойды және өздерінің қаржылық тәжірибесімен бөлісті. Жанды диалог тыңдаушылар үшін күрделі әрі маңызды тақырыптарды талқылауға мүмкіндік берді және көптеген практикалық сауалдарға жауап берілді.

ҚРҰБ-нің қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар және жобалар туралы толығырақ ақпаратты: +7 727 2704 697, +7 727 2788 121 телефоны бойынша алуға болады.

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)